

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 13-3 "Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 53-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 6084 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 қарашадағы № 11-4 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 07.11.2023 № 11-4 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 сәуірдегі №13-3 "Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (2017 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4170 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2, 3 тармақтарына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың

"Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

Қағидалардың 17 тармағы 2) тармақшасы алып тасталсын;

Қағидалардың 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 5 ақпаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының тегағасы

A.Копеев

Ақжар аудандық
мәслихат хатшысы

A.Хоршат

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурызы № 53-2 шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысының
Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 1-қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі,
сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері**

№ т/т	Атаулы құндердің, мереке құндерінің атаулары және әлеуметтік көмек алушылар санаттары	Әлеуметтік көмек көрсету еселігі және мөлшері
-------	---	---

15 ақпан – Ауганстан Демократиялық Республикасынан Кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні

	Бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кенестік	
--	--	--

1	<p>Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінң катардағы және басқаруышы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған үшү құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған, зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.</p>	<p>Жылyna 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
2	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.</p>	<p>Жылyna 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>
3	<p>Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.</p>	<p>Жылyna 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер</p>

4	Ауганстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезеңінде жараланудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауганстанга және ұрыс қымылдары жүрген басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауганстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылар мен қызметшілері.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер

8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні

7	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар.	Жылына 1(бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
8	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйімдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көп балалы отбасылар	Жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні

9	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық	Жылына 1(бір) рет
---	---	-------------------

	сынақтар мен жаттыгуларға тікелей қатысқан адамдар.	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
10	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірі радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық тұргыда мүгедек болып қалған олардың балалары.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
11	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсатты объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
12	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе қайтыс болуы белгіленген тәртіпте солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
13	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардалтарын жоюға қатысқан, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
7 мамыр – Отан қоргаушы күні		
	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге	Жылына 1(бір) рет

14	байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (кайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары.	5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер
15	Бейбіт уақытта әскери қызметін өтеу кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	Жылyna 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштер
9 мамыр – Женіс күні		
16	Ұлы Отан соғысының катысуышылары мен мүгедектері.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылyna 1(бір) рет 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіш ; 2020 жылғы 9 мамырға 300 000 (үш жұз) мың теңге
17	Қорғанысқа қатысқан қалаларда армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелетін Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылyna 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
18	Ұлы Отан Соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысқа қатысқан қалаларда болған армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылyna 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

		тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 кантарға дейін есептеледі	2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
19		Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрbiеленушісі) және теңізші бала ретінде болған адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
20		Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына карсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
21		Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың жедел оперативтік аймактары шегінде майдандары армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
22		Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғаған үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар .	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге

23	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашисттер мен олардың одақтастары құрған концлагерълердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстая орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
24	Әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге
25	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Белорус Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумактарында қымыл жасаған коргаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқаруы кезінде жарапануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге
26	Ұлы Отан Соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысы объектілерінің өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары.	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге

		Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын курсес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдышудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа да себептерге (күкірқа қайши келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмашан әйелдері (күйеулері).	2020 жылғы 9 мамырда қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың тенге
27		Ұлы Отан Соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	2020 жылғы 9 мамырда қоспағанда, жылына 1(бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш; 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың тенге
28		1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген), соғысы жылдарында тылдағы жанкятиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілмеген адам	2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың тенге
29		Бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси құғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар.	Жылына 1(бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні		Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне құғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады:	
30			

31

а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кенес соттары мен басқа да органдардың колдануы;

б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;

в) Қазақстанның тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;

г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты, Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі, Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;

д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сакталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.

Жылyna 1(бір) рет

15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер

32

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанның күштеу

Жылyna 1(бір) рет

	аркылы құқықка карсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар.	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштер
33	Ата-аналармен немесе олардың орындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ак қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары.	Жылyna 1(бір) рет 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштер
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
34	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың (каланың, ауданының) құрметті азаматтары.	Жылyna 1(бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК